

**Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта жаңарту және Даму Банкінің
арасында Заем туралы келісім (Денсаулық сақтау саласындағы жоба) жасасу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1999 жылғы 19 мамыр N 142

Денсаулық сақтаудың үлттық жүйесін реформалау және "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасын қолдау мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкінің арасында Заем туралы келісім (Денсаулық сақтау саласындағы жоба) жасалсын.
2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрі Қырымбек Елеуұлы Көшербаевқа Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкінің арасында Заем туралы келісім (Денсаулық сақтау саласындағы жоба) жасасуға өкілеттік берілсін.
3. Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен Қазақстан

Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрі Қырымбек Елеуұлы Көшербаевтың Өкілеттік сертификатын ресімдесін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.